Инф-14-3
Естаева Ақмарал

# *Халықтың педагогикалық мәдениетінің мазмұны*



# *Мәдениет*

- "*Мәдениет*" деген ұғымның аясы өте кең. Сондықтан да болар, "*мәдениет*" ұғымының көптеген анықтамасы бар. Адам ой-санасы мен әрекетінің нәтижесінде туындаған құндылықтарды біз мәдениет дейміз.

Мәдениетті шартты түрде екіге бөледі

Материалдық мәдениет

Рухани мәдениет

- *Қолмен ұстап, көзбен көруге болатын дүниелерді **материалдық мәдениет** үлгілері дейміз.*
- *Ал қолмен ұстап, көзбен көруге болмайтын, тек санамен, түйсікпен қабылданатын мәдениет жетістіктерін біз **рухани мәдениет** дейміз.*

LOGO

***Педагогикалық мәдениет*** *халықтар арасында өмірге қатысты болып келеді. Үлкенді сыйлау, кішіге ізет көрсету. Өзінен дәрежесі жоғары адамдармен санасу, оларға тағзым жасау. Қыз бала мен ер бала тәрбиесінің екі түрлі болуы және т.б. атап өткен орынды.*

***Этнопедагогика*** *– халықтық педагогиканың сабақтастық қағидасынан сараланған ғылым деп түйін жасауға негіз бар.*

***Л. Уайт** мәдениетті жеке адамға және адамзат қоғамына тәуелсіз, дамудың ішкі логикасына ғана бағынатын объективті білім ретінде қарастырады. Ол мәдениетте ұйымдасқан тұтас жүйедегідей 3 қосалқы жүйені белгілеп көрсетеді:*

- *— біріншісі (технологиялық ) адамның табиғатпен өзара қатынасын, оның техникалық құралдары мен еңбек құралдарын, тұрғын үй типтерін және т.б. қолдануын сипаттайды;*
- *— екінші (ресми) қоғамдық қатынастар мен оларға сай мінез–құлық типтерінен, туыстық жүйелерден, экономикалық, саяси, әскери, эстетикалық және т.б. қатынастардан тұрады;*
- *— үшіншісі (идеологиялық) идеялардан, сенімнен, дәстүрден, әртүрлі білім түрлерінен құралады;*

# *Ғалымдардың мәдениет жайлы ойлары*

*Неміс ақыны және философы Ф. Шиллер мәдениетті ішкі, рухани байлығын сөз ете отырып, адамдағы адамшылық дәрежесі ретінде түсінген.*

*Орыс ойшылы Н. Рерихтің тұжырымында "Мәдениет дегеніміз – қауымды құрметтеу". Мәдениет адамға деген махаббат. Мәдениет – қауымның қаруы. Мәдениет – құтқару жолы. Мәдениет – бұл жүрек.*

*Орыс философы Н. Бердяев үшін мәдениет "халықтың тірі тағдыры" , "адам мен адамзаттың заңды жолы", "шығармашылық пен бостандықты жүзеге асыру ретінде" болған.*

*Ф. Ницше мәдениетті халықтың өмір стилі ретінде анықтаған.*

# Көңіл қойып тыңдағаныңызға рахмет!

